



# АНА ТІЛІ

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Үлкен Таза

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады



## Қас қағым және мәңгілік



*Біле білсең шапағаты барларың,  
Сүйген құлы боларың хақ Алланың.  
(Құран, 3 сүре, 141-аят)*

Ұлы Даланың ұлағатты шалдары-ай, айтудай-ақ айтыпты-ау: «Адам бақыт құсының басына қонғанын байқамайды, ұшып кеткенін бір-ақ біледі». Рас қой. Өмірі бітпейтін күйбең тіршілікпен асығамыз да жүреміз. Әлденеге ұмтылып, болымсызға бола жұлқынып жүріп жарық дүние дейтін жалғанның өткінші екенін де ұмытып кетеміз. Күнделікті күйбең тірлікпен жүргенде басымызға қонған бақытты да дер кезінде бағалай алмай кейін бармағымызды тістеп өкініп, өксіп отырамыз. Өзгелерді айтып қайтейін, өзім

ойда-жоқта тап болған ауыр қайғы дала данышпандарының сөзін тағы бір мәрте растады. Аса аяулы, аса талантты ұлым – Даниярымнан айрылып қалған 2013 – жылан жылының 17-тамызына дейін мен бақытты едім. Менің ең үлкен, ең басты бақытым – Даниярым еді ғой. Даниярымның барында бүкіл әлем маған қарап тұрғандай, бақытты едім мен қандай! Биіктерге алып ұшқан канатым, ұлым еді бар бақытым мұратым. Даниярым – бақыт құсым ұшып кеткесін, сол бір қарғыс атқыр қаралы күні 17-тамыздың кешінде бірақ сәтте бақытсыз болдым да қалдым...

«Неден жаздым Аллаға, қай жерден қате жібердім? Періште емес, пендемін. Қателік те көп менде, кінәм ғана емес, күнәм да бар шығар. Бір менде емес, сүйек пен еттен жаралған басы жұмыр пендесінің бәрінде болар қатесін мейірім мен кешірімі мол Алла кешсе керек-ті. Мен айыпты болған күнде де айуан емес едім ғой. Ақша үшін анасын өлтірген, үш, төрт жастағы сәбилерді зорлаған хайуандар тайрандап, сайрандап жүрген жоқ па? Осыншама сорлатардай қай жерден қате жіберіп, қай тұста күнәға баттым екем мен бейбақ. «Соңғы жылдары біресе атак, біресе орден, медаль алып жағдайың тым жақсарып кетті. Төрт құбылаң түгел гүлденіп, құлпырып тұрған да онша жақсы емес. Бізге тіл, көз жақпайды» деуші еді марқұм анам. Даниярымды көрген жанның бәрі оған сүйсіне, сұқтанып қараушы еді. Көз тиді ме, әлде Алла тағала мен тым бақытты болып кетті деді ме, мен қайдан білейін. Бәрі бір Аллаға ғана аян» деген ойлар жанымды жегідей жейді.

Тағдыр етсе Алла,  
Не көрмейді пәнда,  
деймін Абайшылап.

Бірақ, иә бірақ...

«Мәңгілік ешкім жоқ қой. Бірақ, бәрі ретімен болса ғой, шіркін» депті Олжас Сүлейменов жанымнан артық жақсы көретін аяулы ұлым – жүрегім

Даниярымның өмірден тым ерте озуына орай Парижден жолдаған жеделхатында. Мен ажал атты тажалды бірдің, онның, жүздің, мыңның, тіпті миллион мен миллиардтың емес, бүкіл адамзаттың дұшпаны деп білемін. Сол адамзат дұшпаны кімдерді құлатып, кімдерді жылатпаған. Олар аспандағы жұлдыздан да, жердегі қыбырлаған барлық тіршілік иелерінде көп шығар. Алайда құлаудың да құлауы, жылаудың да жылауы, қайғының да қайғысы бар. Қас қағым сәтте, оқыстан бір емес, үш бірдей ауыр соққы алған менің қайғымды кім түсінер? Менің жұмбақ жанымды кім ұғар? Үш бірдей соққының біріншісі және ең ауыры – адамзаттың дұшпаны арсыз, тойымсыз, ашкөз ажал ерте, тым ерте жалмады Даниярымды. Екінші соққы – үйлену тойының не алды, не соңы емес, дәл той салтанаты басталарда көз жұмды. Үшінші соққы – Даниярым білімді десең білімді, ақылды десең ақылды, қайырымды десең қайырымды еді ғой. Білімділігіне көпті көрген ұстаздарының: «Талай қабілетті жасты көріп едік, әйтсе де, сан саладан бірдей білімді, мұндай аса талантты жасты көрмеппіз. Небәрі 21 жасында адам таңғаларлық ақыл-ой жинаған қандай ғажап, жап-жас ғұлама!» деп таңдай қағып, тамсанғаны дәлел. Ешкімі жоқ тұл жетім жетпістегі кемпірді ажалдан арашалап қалғанын ел сүйсініп айтып жүр.

Тәуелсіздіктің құрдасы, ғасырдың алғыр сырласы киелі еді Данияр. Ол туғанда «Солтүстік шұғыласы» болды Қазақстанда. Ол өмірден озғанда жаңа жұлдыз «Дельфин-2» туды жарқырып, Динараның алтын жүзігінің асыл тастары да сол сәтте қап-қара болып кетті. Мұндай құбылыс көп Данашымның өмірінде. Ол қасиетті болмаса бұл не?!

Ойы оның мұхит еді тұңғиық.

Жүруші еді жан-жағына нұр құйып.

Алла өзі ерекше ғып жаратқан

Ғұлама еді, талант еді тым биік! – деп жоқтап отырмын мен ұлымды.

Осындай перзентін қас қағымда, той үстінде жоғалту қандай қасірет-қайғы десеңші. Өзге түгіл жауыңа тілемейтін қазадан ауыр жаза ғой бұл. Менің Даниярым «ақыл, қайрат жүректі бірдей ұстаған» (Абай) оғлан еді. Он сегіз жасында «Абай жолын», Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я»-сын оқыған, Мағжан Жұмабаев, Анна Ахматова, Сергей Есенин жырларын көңіліне тоқыған, небәрі жиырма жасында тұлға болып толысқан шаһбаз еді-ау Данашым. Теңдесі жоқ текті ұлынан айрылған «жүрегім менің қырық жамау», «жайнаған туы жығылмай, жақсы өліпсің» (Абай) десем де жаным менің жаралы. Анау-мынау жара емес, қызыл қаны сорғалаған, өмір бойы жазылмайтын, көрге бірге кететін аса ауыр жара бұл...

Жиырма жеті жасында таланттының отына жанып кеткен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөзімен айтқанда:

Көңілге қайғы у салып.

Көзден жасты парлатқан.

Жүрекке жара дақ салып

Жанды ашытып зарлатқан

Уыты күшті, ажал-ай.

Бақытын жастың ашқызбай

Қапыда алдың не түсті?

Өз сөзіммен айтсам:

Күннен туған күн перзенті сияқты,

Тұлпар еді-ау ұлым менің тұяқты.

Алысты көріп, самғаған небір асқарға.

Қыран еді-ау, құлыным

Керге қанат қияқты.

Ол өмірден озған сәтте

Аспан жылап, жер күрсініп,

Жұлдыздар да жел ақты.

Тағы да Абайдың сөзімен айтайын:

Тұла бойың ұят-ар едің,

Ескеріп істеп ойлаған.

Тәуекелге нар едің,

Талаппен терең бойлаған.

Ерлікке де бар едің,

Үйренуге тоймаған.

Жасқа жас, ойға кәрі едің,

Атаңның атын жоймаған.

Замана, неткен тар едің.

Сол қалқамды қоймаған.

Қылығыңа жете алман,

Қаншалық тілмен айтқанмен.

Басыңа құдай беріпті,

Өлшеусіз қылып ақылын.

Мен білемін қайтейін.

Мұндай асыл тумайды.

Даниярым өмірден озған соң қап-қара қайғы, қою түн серігім болды ажырамас менен екі елі, жанымнан күн-түні бір қалмайды, тап бір менің жарымдай ол некелі. Уақыт та өтпейді, бір күнім бір ғасырдай. Дейді қайғы: дүлеймін, сенімін бір түнеймін. «Көп жасамай тез кетіп, көзімнің жасын ағыздың» (Абай).

Мен өмірден түнілдім,

Даниярымды жоқтап үгілдім.

Зарлатардай осылай.

Не істедім, не ғылдым? – деп зарлап отырмын мен.

Кеше гөр, Алла, кеш мені. Ойлама мені тергеді деп. Өзің беріп, өзің алдың

ұлымды. «Не істедім, не ғылдым?» дегенім саған емес, Алла, өзіме қойған

сауалым: «Қай жерден қателестім? Жаратқан ием не үшін жазалады?» деп те ойлаймын ғой мен байғұс.

Мені қойшы, ауыр қайғы арқалап, тірі өлік болып жүрермін. Атар таңым,

татар дәмім таусылғанда табыттай ауыр азаптан құтылармын – өлермін.

Айналамдағы жанашырларыма да оңай емес бұл қайғы. Әйтсе де, бәрімізден

бұрын Даниярымның анасы Құралайыма қиын, өте қиын болып тұр. Ол

ұйықтар алдында жылайды: «Данчигім қайырлы түн» деуші еді деп.

Таңертең төсектен тұра салып та жылайды: «Ұлым менің құлыным: «Қайырлы таң» дейтін» деп. Жұма сайын шелпек пісіріп жылайды: «Бұл шелпекті мен емес, ұлым жасауы керек еді» деп. Данчик жақсы көретін ас әзірлесе де, тіпті көшеден «Лексус» жеңіл көлігін көрсе де «Данчигімнің темір тұлпары есіме түсті» деп те көзінің жасы парлайды, өзегіне өрт толып күні-түні зарлайды.

– Қой, жылай берме. Көп жыласаң көзің көрмей қалады, – деймін мен.

– Көздің маған керегі не, Данчигімді көрмейтін, – дейді ол.

– Аяқ-қолың қозғалтпай, сал боп қалсаң қайтесің?

– Данчигім үшін жүгірмейтін аяқтың, ұлымды құшақтамайтын қолдың да керегі жоқ маған, – дейді Құралай.

– Жылай берсең ажалыңнан бұрын өлесің, қойсаңшы енді.

– Даниярымсыз өмір, өмір ме, бұлай қайғы аркалап, күнде жылап жүргеннен өлім артық маған.

– Өлме, сен болмасаң менің күнім не болмақ? Лейлушаны, Қанатты, Этилді қалай қиып кетесің, мезгіліңнен ерте өліп, не мұратқа жетесің? Екеуміз бірдей бұл өмірмен қоштассақ, Даниярымыздың еңбегін кім айтар, есімін кім асқақтатар дәл біздей. Аллаға шүкір етейік. Ұлымыз бәз біреулердің баласындай кісі қолынан өлген жоқ, балконнан секіріп өзіне-өзі қол салған жоқ. Кейбіреулердей із-түзсіз жоғалып та кетпеді. Нашакор да, маскүнем де, бұзақы да болмады. Ақыл, парасатымен, асқан қайырымдылығымен, білім, білігімен айналасына Ай мен Күндей үнсіз сәуле шашып, өмірден озды.

Абайша айтсақ: «Кірлетпей кетті көңілді».

Осылай деп жұбатамын, осыған ұқсас әнгімелер айтамын мен Даниярымның анасы, өзімнің жан-жарым – Құралайыма.

Рас, Құралай осындай аталы сөзге сол сәтінде тоқтайды. Әйтсе де, арада аз уақыт өткесін ұлымызды тағы да, тағы жоқтайды. Тіпті болмағасын Абайдың Әбдірахманның әйелі Мағышқа айтқан жұбатуын оқыдым:

Жылағанды тоқтатып,

Ынсап қылсақ жарайды.

Қоймасаң қайғы ауыр боп,

Тұл бойыңа тарайды.

Қызыл гүлің суалып,

Ақ көңілің анық қарайды.

Һәмма жанды ауылымен,

Патша құдай сынайды.

Бір сен емес жылатқан

Сыңарын алып талайды.

Бәрімізді аясаң,

Тоқтау қылсаң ұнайды.

Ұмытқаның жарамас

Жаратушы құдайды...

Осыдан соң Құралай аталы сөзге тоқтайды. Сабыр сақтап аз уақыт, ұлын тағы жоқтайды. Біреулер: «қайғылы жалғыз ол емес, перзенттен де құр емес неге шексіз қайғырып, неге сонша жылайды?» деуі де мүмкін. Солай

ойлайтындар болса оларға да өкпе жоқ. Әркім өзгені өзімен өлшейді. Өз басынан өтпегесін қайдан білсін, қайтіп ұқсын өзгенің ауыр қайғысын. Ал мен Құралайымды түсінемін. Жаным бірге жарым болғандықтан ғана емес, ол да бар, оның жанын жеген қайғыға өзім де тап болғандықтан, Құралайым құсап өзім де Данчигімді шексіз сүйгендіктен. Содан да болар менің қайғылы қаламымнан:

Сені шексіз сүйдім де,  
Сені шексіз еркелеттім.

Даниярым, бақилыққа  
Неге сонша ерте кеттің? –

деген қара жамылған қаралы жолдар туғаны. Есім кіресілі-шығасылы елпі-селпі боп отырып ойлаймын: «Адамның әлемнен де күрделі жан дүниесін қас-қабағынан үнсіз ғана ұғатын қарағым, қарашығым данышпан Данашым-ай, айтқан сайын аңсатып, тұла бойымды қақсатып сыймай кеттің-ау маңдайға. Жан дүниемді қаңыратып, ботасы өлген аруанадай аңыратып қойған тағдыр неткен қатал ең?!»

Орыстың көзі тірі ұлы ойшылдарының бірі, академик Феликс Кузнецов Данияр жайлы естелігінде жақындары бақилық болса «ол лас өмірден таза, жақсы өмірге бәрімізден ерте жетті» қуанатын да халық, ел бар екенін айтып, «олар бізден гөрі бақытты» депті. Кім білсін, бұл да жаны бар сөз шығар. Біздің қайғымызды бөлісуге келген қырғыздың шоң ақыны, қаламдас дос Нұрлан Қалыбеков: «Періште еді Данияр, лас өмірде кірленбей, тап-таза періште күйінде өмірден озды. Ол қазір пейіштің төрінде» деп еді. Ақындық Алла тағаланың мейірімі түскен пендесіне берген ерекше сый ғой. Содан да нағыз ақын өзге пенделерден гөрі Аллаға бір табан жақын. Кім біледі, бұл сөзді ақынның аузына Алла салған шығар.

Мұны мен білмеймін. Біз сияқты пенделер біле бермейтін құпияның бәрі бір Аллаға ғана аян.

Жас балаға дейін білетін ащы шындық – адам жүз әрі кетсе жүз елу жыл ғана жасайды. Тіпті екі жүз жыл жасаса да өмір деген қас қағым.

21 жаста көз жұмған Даниярдың өмірі сол қас қағымнан да қысқа!

Иә, өмір деген қас қағым. Ал аз жасаса да құс тұмсығындай қысқа өмірінде асқар таудай ақыл-парасатымен, шалқыған шалқар мұхиттай көл-көсір терең білімімен, адамдарға жасаған асқан қайырымдылығымен халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерген, небәрі жиырма жасында тұлға болып толысып, өмірге деген ғашық жүрекпен айналасына Ай мен Күндей үнсіз сәуле шашқан, періште күйінде пейішке кеткен Даниярдың өмірі мәңгілік!

Даниярымнан айрылып қалған соң, сөнді жүрек алауы, ол бардағыдай желбіремейді жанның жалауы...

Даниярымды ойласам, көкірегім қарс айрылады. Көзім жасқа, көңілім қайғыға толады. Бір көруге зар болып сағынғанда ұлымды дене мұздап, жүрек сыздап кетеді. Ондайда тозақ отына түскендей шырқырайды шыбын жан. Өлшеулі өмір осындай азаппен өтеді. Бұл тозақтан ажал ғана құтқарады мені.

Алайда, Алла ісіне не шара? Алла салды мен көндім. Амалым бар ма, көнбеске, тозақтай азапқа төзбеске? Аз ба, көп пе, қалған өмірде Даниярымды жоқтап өтемін...

Шексіз сүйдім жанымнан артық көрген Даниярымды. Қазір де сүйем мен оны! Сүйегім қурап қалса да сүйе де берем ұлымды!

Көкжиекке сіңген күн құсап бір күні мен де батамын, жарық дүние дейтін жалғанға қолды бір сілтеп, Даниярымның жанына барып жатамын...

Сәбит ДОСАНОВ  
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты